

**Байғанин аудандық мәслихатының
2009 жылғы 24 сәуірдегі
№83 «Базалық салық мөлшерлемелерін
түзету туралы» шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының қазақ тіліндегі 2009 жылғы 24 сәуірдегі №83 «Базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-73 санымен тіркелген, 2009 жылғы 11 маусымда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімнің «Базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы» атауы «Байғанин ауданы бойынша базалық салықтық мөлшерлемелері туралы» атауымен, кіріспесі «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15 тармақшасына, 7 бабы 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) кодексінің 387 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:»** «Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 504, 505 және 506 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:»** сөздерімен, 1 тамақтағы «Салық мөлшерлемелері 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап:» сөздері «Байғанин ауданы бойынша базалық салықтық мөлшерлемелері:» сөздерімен ауыстырылсын;

2. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.